

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі» ММ мемлекеттік көрсетілген қызметтер бойынша  
2021 жылға арналған есеп**

**1. Жалпы ережелер**

1) Көрсетілетін қызметті берушілер туралы мәліметтер: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі» ММ, және ведомствоға бағынысты білім беру ұйымдары. Занды мекенжайы Степняк қаласы, Біржан сал көшесі 76.

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:

Біржан сал ауданында білім саласында 23 мемлекеттік қызмет көрсетті.

2021 жылы ведомствоға бағынысты білім беру ұйымдары мен басқарма 2239 қызметті көрсетті;

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген қызметтер саны – 480;

электрондық нұсқада көрсетілген қызметтер саны – 1578;

қағаз түрінде көрсетілген қызметтер саны – 181.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3) Негізгі сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:

Білім беру саласында сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

*«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»;*

*«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»;*

*«Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектепке дейінгі (6 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою»;*

*«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау».*

**2. Қызмет алушылармен жұмыс:**

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми интернет ресурста орналастырылған <http://birzhansal.agmoedu.kz/> білім басқармасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен ережелері орналастырылған. Сондай-ақ, барлық ведомствоға бағынысты ұйымдарда ақпараттық етендтерде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

2) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария-талқылаулар туралы ақпарат.



Қазіргі уақытта заңна тәуелсіз құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет порталында жүзеге асырылады. Білім басқармасы мен ведомствоға бағынысты ұйымдар нормативтік құқықтық актілерді әзірлемеген.

*3) мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбат және басқалар).*

2021 жылы білім басқармасы және ведомствоға қарасты ұйымдар БАҚ және әлеуметтік желілерде 11 мақала жариялады, 3 дөңгелек үстел өткізді. Ай сайынғы негізде БАҚ қызмет көрсетушілердің интернет – ресурстары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы халықты ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

**3. Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет.**

*1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.*

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында облыстағы барлық мектепке дейінгі орта, арнайы білім беру ұйымдары бірыңғай ақпараттық жүйеде жұмыс істейді. Ақтoла.kz. Жүйеде 4 автоматтандырылған мемлекеттік қызмет іске асырылуда.

Сондай-ақ, 2020 жылдан бастап барлық білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің ҚР БІМ ММ АЖО жүйесі жұмыс істейді, онда 20 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

*2) мемлекеттік қызметтер көрсету саласында қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.*

Білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 70 астам қызметкер көрсетеді, 2021 жылы 2 қызметкер мемлекеттік қызметтер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау**

*1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.*

2021 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар түскен жоқ.

*2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын білім бақылау нәтижелері*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бекітілген бақылау іс-шаралар жоспарына сәйкес 14 білім беру ұйымында бақылау іс-шаралары өткізілді. Бақылау іс-шараларын жүргізу кезінде бірқатар ұйымдарда бақылау іс-шаралары барысында жойылған жекелеген сәйкессіздіктер байқалды. Жалпы, олар көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына әсер еткен жоқ. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу және негізсіз бас тарту анықталған жоқ.

*3) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері.*



Қоғамдық мониторинг нәтижелеріне сәйкес, 2021 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу анықталған жоқ. Мемлекеттік қызметтерді бұзушылықтарға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда.

**5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің оңан әрі тиімділігін және оның сапасына қымбатты алушылардың қанағаттануын арттыру**

Қызмет алушылардың қанағаттанушылығын арттыру және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2022 жылға ҚР заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бақылау іс-шараларының жоспары бекітілді.

2022 жылы білім басқармасы және ведомстволық бағынысты ұйымдар жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапаты мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Білім бөлімі басшысының м.а



*Handwritten signature in blue ink.*

З. Септова

орынд. А. Керейбаев  
тел. 2-16-26